


Ой қозғау

- Өткірдің жүзі
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан
Білмеске арзан
Надандар баһра ала алмас.
Толғауы тоқсан қызыл тіл
Сөйлеймін десең, өзің біл, – деген Абайдың бұл өлең жолдары не туралы деп ойлайсыңдар?



Ғасыр	Би-шешендер
XII - XIII ғ.	Майқы би, Аяз би
XIV – XV ғ.	Асан қайғы, Жиренше шешен
XV – XVIII ғ.	Шалкиіз, Бұқар жырау
XVIII	Төле, Қазыбек, Әйтеке, Шортанбай, Дулат, Мұрат т. б.
XVIII - XIX	Байдалы би, Тіленші би, Тарақты тұяқ, Шалқар шешен, Сырым Датұлы, Досбол шешен

Ашық сұрақтар

Шешен болу үшін адамда қандай қасиет болуы керек?

Шешендік сөздерге тән ерекшеліктер қандай?

Қазақтың атақты билері кімдер?

Билерге тән басты қасиеттер қандай?

Билер кімдерге кеңесші болған?

Танымдық тапсырма

- 1.Шешендік сөздің ел өміріндегі орны.
- 2.Шешендік сөздердің бұлақ бастауы – халық ауыз әдебиетінің үлгілері.
- 3.Ұлттық сөз өнері тарихындағы билер есімі, олардың қоғамдық өміріміздегі алатын орны

Мәтінмен жұмыс

- **Қазыбек би атамыз айтқандай:** « Бір қолың ұрыста болса, екінші қолың арашашы болсын».
Ашу – араз, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос. Жауға сілтер қаруыңды жақыныңа сілтеме деген...
Яғни: Атадан жақсы ұл туса,
Елінің туы болады.
Атадан жаман ұл туса
Көшінің ең соңы болады.
- **Әйтеке би:** Асқар тау, сенде бір мін бар –
Асу бермейсің,
Тасқын су, сенде бір мін бар –
Өткел бермейсің,
Билер, сендерде бір мін бар –
Басқаға сөз бермейсің!
- **Ал енді Төле би бабамыз айтқандай,**
- Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол.
Бір үйдің атасы болма,
Бір елдің данасы бол.
Халқыңа әділ бол.
Жауыңа қатал бол.
Досыңа адал бол.

Рефлексия

:

1. Қандай жаңа түсініктермен таныстыңдар?
2. Бүгінгі сабақта алған білімді қайда қолдана аласыңдар деп ойлайсыңдар?
3. Сабақтың мақсатына жеттің бе? –
4. Бүгін біз қандай нәтижеге жеттік?
5. Сабақ қызықты өтті ме, несімен?



Үйге тапсырма:

- Шешендік сөздер жайлы қосымша ақпарат оқып келу. Тақырыпқа байланысты слайд жасау.